

Таким образом, изучая педагогическое наследие казахского просветителя И. Алтынсарина, поражаешься, что педагогические идеи, высказанные почти 130 лет назад, и поныне являются глубоко актуальными и современными, особенно сейчас, в условиях реформирования современного образования, перехода на 12 – летнее обучение, потому что они направлены на то, чтобы облагородить человека, сделать его прекрасным, убедить от пошлости, ввести в связь с обществом и миром.

Педагоги наших школ плодотворно используют просветительские идеи Ыбрайя Алтынсарина в области нравственного, патриотического, трудового воспитания, о роли родителей, учителей в обучении и воспитании.

Не стареет, а вновь возрождается гимн – призвание великого сына казахского народа:

*Ученье даст вам счастье,  
Оно озарит, как свет,  
Каждое ваше желание,  
Яркий оставит след.  
Дети, в школу идите.  
В памяти крепко, навек  
Знание сохраните.*

Мог ли мечтать Ыбрай о том, что так разрастется, так шагнет вперёд школа.... Он терял своё здоровье, трясясь в телеге по степному бездорожью в холод и зной. Он хотел видеть свой народ образованным. И в год 170-летия со дня его рождения можно уверенно сказать, что свою трудовую жизнь он прожил не зря. Люди через года пронесли память, благодарность перед заслугами Учителя.

*«Он звал: «Пора»  
Учиться мы начнём!»  
И этот клич летел из дома в дом!  
Он заложил фундамент нашей школы.  
И будем вечно помнить мы о нём!  
Тот колокол и нынче у ворот,  
Не зря за ним ухаживал народ.  
Стирайте пыль с него и берегите,*

*Истории самой в нём слышен ход!»* – эти строки посвятил Ыбрайо Алтынсарину Г.Каирбеков. И если Герцен побудил «Колоколом» всю Европу, то «Колоколом» степи был Алтынсарин. И чем дальше уходит он от нас, тем ближе и роднее становится народу, помнящему этот чистый родник.

И пусть же гениальный дух, зажёгший когда-то неугасимый огонь знаний, света в сердце нашего народа, вечно сияющий дух Ыбрайя Алтынсарина осеняет нас, одухотворяет, вселяет силу и надежду на пути преобразования школьной системы, приобретения полной настоящей свободы человека – созидателя истории!

Как доказало время, труд Ыбрайя Алтынсарина не был напрасным. И мы, собравшиеся в этот день вместе – доказательство этому и свидетельство....Свою трудовую жизнь Великий Учитель прожил не зря!

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫң ӨЗЕКТІЛІГІ**

***Тоқтарова Р.Е.***

*Дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп – интернаты, Қостанай қаласы*

Қазақ педагогикасының негізін салушы, педагог – ағартушы, ақын және прозаик, публицист, балалар жазушысы, орыс графикасы негізінде қазақ алфавитінің незін қалаушы ретінде Алтынсарин мектеп пен тәрбие өз халқының мен өмірінің тарихи үлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынды.

Ыбырай Алтынсарин 1857 жылы Орынбор училищесін үздік оқып, мақтау қағазымен бітіріп шыққаннан кейін атасы Балқожаның қасында, 1857-1860 жылдары писарлық қызымет атқарады. Одан соң Орынбор әкімшілігінде тілмәш болады. 1860 жылы Орынбор әкімшілік басқармасы оған қазақ балалары үшін бекінісінде мектеп ашуға тапсырма беріп, езін орыс тілі мұғалімі етіп тағайындаиды. Ы.Алтынсариннің пікірі бойынша, ауыл мектептерінің болыс мектептерінің бірінші бөлімнің бағдарламасы бойынша жұмыс жасауға тиіс болды. Оқу ана тілінде жүргізілуі тиіс- деген қағида ұсынды. Ы.Алтынсарин қазақ халқына білім беру тек бастауыш мектеппен ғана шектеледі – деген пікірден аулақ болды. Ол орта мектептер құру туралы ойларын халқына жеткізіп және қазақ балаларының университеттерде оқуын қалады. Алайда ол Ресей патшаларының жағдайындағы осыған үқсас жос-

парлардың өмірге сәйкес келмейтінін ескере отырып, Орынбор және Троицк жаңындағы гимназия мен Қазақ университетерінде оқытын қазақ балалары мен жастарға арнаулы стипендия тағайындалады.

Көп күш-жігер жұмысау нәтижесінде қазақ даласында тұнғыш рет 1864 жылы

8 қантарда Торғайда мектептің ашылу тойы өткізіледі. Алғашында мектепке жазылған 14 балаға кейін тағы екеуі келіп қосылады. Тұнғыш қазақ мектебін ашып, оқытуға кірісken ыбырай соған тікелей көмектескен Н.И. Ильминскийге жазған хатында: « ...Мен оқытуға, қойға шапқан қасқырдай, ете қызы кірістім. Бұл балаларда менің айызының кандырып, не-бәрі үш айдаң ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды... Менің қашаннан арман – тілегім қалай да пайдалы адам болып шыгу еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көнілім толық жұбаныш табады», – деп жазады.

Ы.Алтынсарин қазақ арасында тұнғыш рет мектеп ашты, оны сол кездегі орыстың озық педагогикасы тұрғысынан құрды, жаңа типті қазақ мектебінің кең таралуы жолында қажымастан еңбек етті, бұл бағытта ол елеулі табысқа жетті. Ол мектепте оқылатын сабактарды мынадай жүйеде құрды:

1. Орыс тілінде оқылатын пәндерді ана тілінде түсіндіре отыра, орыс кітаптарын оқыту.
2. Эр түрлі нәрселер мен заттардың орысша аттарын үйрету.
3. Орысша сөйлеуге үйрету.
4. Методикалық талдау.
5. Көркем жазу.
6. Арифметикалық қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын жөнінен мәлімет.

Ы.Алтынсарин мектепте оқуды негізінен ана тілінде жүргізді. Бірақ орыс тілі де оку мазмұның ең маңызды бөлімі саналды.

Ы.Алтынсарин оқыту әдістерін жаңа бағытта окуға деген баланың ынталасы мен қызыгушылығын арттыруды көздей отыра құрды. Мектеп оқуында, әсіресе ана тіліне үйретуде, ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің терең ойларын басшылыққа алды.

1864 жылы май айының аяғында Ы.Алтынсарин салтанатты жағдайда, жүртшылық алдында өз мектебінде бірінші оку жылы бойынша сын \ емтихан\ жұмысын өткізді. Оқуды дұрыс үйимдастыру нәтижесінде оқушылар төрт жарым ай ішінде орысша дұрыс жазып, оқи білетін болған. Шәкірттер 1000-ға тарта орыс сөздерін үрейніп, оларды байланыстырып қолдану ережелерінен мәлімет алған.

Ұлы ағартушы – педагог тек мектеп ашумен шектеліп қалуға болмайтынын, бұған лайықты оку-әдістемелік құрал-жабдықтар керек екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Ы.Алтынсарин Ушинский, Паульсон, Водовозов, Бунаков төрізді педагогтардың әліппе, оқулықтарын негізге ала отырып, қазақ балаларына арнап «Оку құралын» жазды.1879 жылы ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалады. Сол жылы педагог - ағартушы «Киргизская хрестоматия» оқулығының бірінші кітабы Орынбор баспа насынан жарық көреді.

Сол 1879 жылы Алтынсариннің оқыту-әдістемелік еңбегі – «Начальное руководство» атты әдістемелік құралы Орынборда басылып шықты. Ол өз әдістемесі бойынша орыс сөзін білмейтін қазақ баласына ең алдымен орыс сөздерін үйретуден бастап, одан әрі дұрыс оқып, сейлемеп кетуі үшін оқығанын ауызша айтып бере алатында және оны қағаз бетінде жазып бере алатында әдістемелер қолданып оқытты. Бұл әдісті қазіргі уақытта қазақ тілі сабактарда қолданып жүрміз. Бұл әдіс қазақ балаларының орыс тілін тез және жетік менгерулеріне әсер етті. Женілден – ауырға, қарапайымнан- күрделіге қарай дамыту әдісімен оқыту әдістемесін ыбырай қалай қолданғаны мәлім. 1864 жылы 15 наурызда Н.И. Ильминскийге жазған хатында былай деп мәліметтейді : «Алдымен заттың атын үйретемін, осыған орай тек қана зат есім атауындағы заттардың аттарын үйретемін. Содан кейін заттың сыйын білдіретін сын есімге жататын сөздерді үйретемін. Содан кейін затты оның сыйымен қосып сейлемдірамын. Мысалы, ақ адам. Одан кейін – етістік, әрі қарай сөзді жіктеу, септеу, одан кейін аударма, сөздік жұмыстары, оқулықты пайдаланып жұмыс істеу басталады. Қазақ балалары аздал орыс тілінде сөйлей бастағанда олардың арасына жергілікті тұрғындардан әкеліп орыс балаларын қосып жіберемін».Міне, осылайша баланың табигатына қарай оқытудың дамыту әдісі қолданылды.

Оқыту әдістемелерінде көрнекілікке жоғары мән береді. Мұны «Оку жабдықтарының жайы» туралы Орынборға жазған мәлімдемесінен кездестіреміз. Онда ұлы ағартушы мектепке қандай және қанша көрнекті құралдар сатып алғанын мәлімдейді. Атап айтсақ – Гестерманнның техникалық коллекциясы: Мұнда біріншіден – кендір, мақта, жібек, жұн, тери, қағаз, шыны, ара өндіру, өндеу үлгілері бар. Екіншіден – салмақ, ұзындық, зуыртпалық өлшемдерінің коллекциясы болды. Үшіншіден – физика, химия кабинеттері жабдықтары, барометрлер, микроскоптар, компастар, электромагниттер, жұмыс істейтін телеграф, си-

қырлы фонарлар... Ы.Алтынсарин мұғалімдерге көрнекті құралдарды дұрыс, орынды падалану жөнінде нұсқау беріп отырды. Далада ескен, электрден хабары жоқ қазақ баласы физикадан тек жалаң кітап беттеріненоқып электр туралы білім ала алмайды. Сондықтан оларға электр туралы нақтылы, көздеріне көрсетіп отырып түсіндіру көрктігін мұғалімдерден талап етеді. Мұның бәрінен оның жалаң оқумен қанағаттанаңып қалмағанын, бұған қоса ғылым мен техника тетіктерін үйретуде көрнекілік тәсіл ұсынғанын көрсетеді. Сондай-ақ, аса қажетті кітаптар мен журналдарды орталық мектептерге топтау жинау арқылы сондағы кітапханаларды байытуды қөздейді, оқымын деген жастар мен мұғалімдердің өз білімін көтеруіне қолдан келгенше жағдай жасамақ болады.

Оқытуды дамыту әдісімен жүргізуң құрамы бөлігі ретінде санап, Ыбырай мектеп кітапханасын әр пәннің хрестоматиялық кітаптарымен жабдықтап, мұғалімдерден сол кітаптардан балаларға сабактан тыс уақыттарда қосымша құжаттарда оқытып, қадағалауды тапсырды. Мұғалімдердің өз білімдерін көтеріп отыруларына қамқорлық жасап, олардан Я.А. Каменскийдің «Ұлы дидактикасын», Бобровскийдің «Педагогикасын» үзбей оқып отыруды талап етті және тағы басқа әдістемелік құралдарды өзі тауыпберіп, оқытып отырды.

Мұнан кейінгі жылдарда ұлы ағартушы өзінің педагогикалық ой-пікірлерін байыта, тереңдете береді. Әсіресе ол орыстың ұлы педагогы К.Д Ушинскийдің мол мұрасына тереңірек үніледі. Ушинский педагогикасын демократ-педагог Ыбырай зор көркен дікпен мен-гере отырып, оның оқылыштары үлгісімен орыс-қазақ мектептеріне арнап оқулықтар жасайды. Осылай қазақтың тұнғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин арқылы Ушинский ілімі қазақ мәдениеті мен оқу-ағартуына және мектебіне тереңдеп ене бастайды.

Орыс педагогорының озық идеяларын қазақ халқының шаруашылық және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес шеберлікпен қолданды. Ол жанадан ашылып жатқан мектептердің қазақ халқының саяси қоғамдық прогрессіне әсер тігізетіндей болуын, олардың сахара даласында нағыз мәдени ошақтарға айналуын табанды түрде талап етті.

Алтынсарин мектептің мынадай болуын арман етті:

- Жаңа мектеп жаңа өмір үшін күресшілерді дайындау керек, оған діннің ешқандай ықпалы болмауға тиіс;
- Мектеп халық үшін орыс мәдениетін, білімі мен ғылымын оқып үйренудің ошақ болу тиіс;
- Ол қазақ халқы арасына жаңа мәдениетті, жаңа әдептер мен тәртіпті, гигиена мен санитарияны, қолөнерді мен көркем өнерді тарататын бірден – бір мәдени ошак болу тиіс;
- Мектеп өмірі мен табиғат туралы ұғымдарды кітап арқылы емес, көрнекті құралдарды қолдана отырып түсіндіруге тиіс;
- Мектептің арнайы учаскесі, тәжірибе жүргізетін бау-бақша, гүл алаңы болуға тиіс. Мектеп жанында сол мандағы халықтың сауатты бөлігіне қызмет ете алатын ыңғайлы жабдықталған кітапханасы болу керек;
- Алдыңғы қатарлы орыс мектебінің теориясы мен практикасының қол жеткен табыстарын пайдалана отырып, оқу процесін үлгілі ұйымдастыруға тиіс;
- Қазақ мектебіндегі ғылым негіздерін жүйелі түрде тиянақты оқытылып, ол сапалы оқу құралдарымен жабдықталуы керек;
- Мұғалім ұстаз әрі тәрбиеші ретінде мектептерде барлық істің тетігін шешеді. Жұмыстың табысты болуы оның өз ісін сүйе білуіне, соған деген ынтасты мен ықыласына байланысты.

Өзінің инспекторлық қызметі кезінде, жергілікті халықтың қолдауымен және орыс ағарту қайраткерлерінің көмегімен жоғарыдағы талаптар түрғысынан Торғай облысының барлық бес уездік қалаларында бес екі кластық училище ашты. Олардың әрқайсысының жанында 50 орындық интернаты болды. Бұл училищелер үйлеріне, оларды жабдықтауға Ы.Алтынсарин орыс бастауыш мектептерінің үлгісін қолданды.

Қазақстан үшін бастауыш мектептердің негізгі түрі ретінде ауылдық жерлерде 5 бойлыстық мектеп ашты.

Ы.Алтынсарин көсіптік білім берудің маңызын жете түсінді және жақтады. Ы.Алтынсарин басшылығымен қазақтар үшін тұнғыш рет көсіптік –техникалық және мұғалімдер мектебі ұйымдастырылды. Ы.Алтынсарин Россияның үлт аудандарында бірінші болып қазақ қыздарының мектебінің ашып, оларға білім беру ісін жолға қойды. Қараңғы қазақ халқын Ыбырай оқу, мәдениет озық орыс халқынан үлгі алуға шақырумен болды.

Ы.Алтынсарин қазақ қоғамының патриархалдық-феодалдық артта қалушылығын жоюды арман етті. Осы бағытта ол қазақ даласында мектептің жаңа түрлерін ашуды ойластырыды, қазақ жастарына жалпы білімдерімен қатар, көшпелі елдін экономикасы мен тұрмысын жөндеуге септігі тиетін арнайы көсіптік білімдер берілген де жөн деп есептеді.

Сондықтан екі кластық училищелерді жалпы білім пәндерін оқытумен қатар өмірге, тұрмысқа қатысты пәндерді енгізуді жақтады. Демократ-педагогтың бұл ойларының құндылығы:

- Мектептегі өмірге, қазақ халқын шаруашылық дәрежесі ілгері түрған орыс халқымен жақындастыруды көздеу еди.
- Мектеп орыс халқының «ғылыми және тәжірибе білімдерін қабылдау» құралы екенін терең түсінді.
- Мектеп екі халықтың достық байланысын нығайтатын дәнекерболуға тиіс деген ойда болды.

Оқытуды еңбекпек байланыстыру мақсатында Торғайда тәменгі қолөнер училищесін ашудың жоспарын жасады және оны ашуды қолға алды. Әсіресе ол қазақ жастарының колөнерін, ауыл шаруашылығы мен басқа да білім салаларын меңгеруін қуаттады. Сондықтан ол қолөнершеберлікке шеберлер дайындастырын екі класты училище үйымдастыру мен жалпы білім беретін екі класты училищелерде ағаш пен металдан әр түрлі бұйымдар, құралдар дайындауға үрететін, оқушыларды қолөнершілдікенбегіне әзірлейтін сабактар енгізу ді үсынды. Ағаш – токорлы, слесарлы – ұсталы, тігін бөлімі бар Торғайдагы Яковлев қолөнер училищесі тек 1884 жылы ғана ашылды. Ұбырай Алтынсарин Қостанай ауылшаруашылық училищесін ашу үшін екі үйінің орнын және участкесі үшін қыстаудағы жерін берді. Қазақ халқының үлттық тұрмыс жағдайының ерекшелігі – көшіп-қону дәстүрін еске-ріп, болыстық мектептерде бала оқытудың көшпелі түрін үйимдастыруды. Қазақ даласында мұндай оку орындарын ашылуын орыс жүртшылығы жоғары бағалады. Бұл Алтынсарин өмір сүрген ауызынан жалын атқан императорлық Россия тұсында өз талабын үкіметке жеткізе біліуін және соны орындаға білуінің арқасында болған жайлар, яғни тенденсі жоқ қасиетінің бірі еди. Міне осының барлығын ол қазақтарды отырыштырықта айналдыруға сентігін тигізу тиіс деп есептеледі. Оның жобасы бойынша мектеп жанында бау-бақша өсіру, мал шаруашылығы, егіншілік, өсімдіктерді қорғау және ветеринирия сабактары жүргізілуге тиісті болады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын тері илеуге, сабын қайнатуға, тағы басқа қолөнеріне үйрету керек еди.

Қазақ жастарын орыс мәдениеті мен біліміне таратуда Ы.Алтынсаринның басшылығымен қазақ қыздары үшін ашылған пансионаты қыздар училищелерінің негізгі оқу пәндері- тігіншілік өнері болды, онымен бірге қазақ қыздары орыс тілін және арифметиканы оқыды.

Тамша педагог қыздар училищелеріне зор тәрбиелік міндеттер жүктеді. Ол бұл училищелер арқылы қазақтардың арасында семья тәрбиесін өрістеуді көздеді.

Училищелерде оқыған қазақ қыздары Ы.Алтынсаринде ұстазы және қамқоршысы деп білді. Олар сол замандағы әйелге деген патриархалдық-феодалдық көзқарасқа қарамастан, қазақ қыздарын білімге тарту жөніндегі оның ізгі өсietterінорындауға тырысты.

Ы.Алтынсарин 1886 жылы «Қазақтың болыстық мектептері жайлы» маңызды еңбекін жазып, оны Орынбор округі арқылы Халық ағарту министрлігіне жіберген. Болыстық мектептер жөніндегісіністар негіздеуге ол Орынбор оқу округінің инспекторы, Қазақстанда білім таратуісінде елеулі еңбек сінірген адам В.В.Катаринскиймен көп пікірлесіп, кеңесіп отырған. Ы. Алтынсарин қазақтардың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық өмірі үшін болыстық мектептердің дәлелдеді. Болыстық мектептер қазақ ауылшының көшпелі тұрмысына сәйкес келеді, себебі жазда ол елмен жайлауда көшіп жүретін, қыста бірге қыстауды мекендейтін болады деп есептеледі. Ұбырай Алтынсарин тірі кезінде бес жерден болыстық мектеп ашты. Сөйтіп ол қазақ арасына білімді кеңірек таратуға мүмкіндік беретіндей мектептің жаңа түрі – болыстық мектептердің негізін қалады.

Ал енді ауылдық, болыстық мектептерді көбейту ең алдымен мұғалімдер кадрларын даярлауға байланысты еди. Кеменгер ағартушы бұл құрделі мәселені шешуде де өлкедегі алдыңғы қатарлары орыс ағартушыларының тәжірибесіне, әсіресе олардың осы саладығы тікелей көмегіне сүйенді. Бұл мәселені сол кездегі Қазақстан жайыда шешудің негізгі екі жолын көрсетті: біріншіден, қазақтардың өз араларынан мұғалімдер даярлайтын мектебін үйимдастыру; екіншіден, жанадан ашылып жатқан орыс-қазақ мектептеріне Россиядагы педагогикалық оқу орындарын бітірген жас мұғалімдерді шақыру.

Жоғарыдағы ойларды жинақтай келе айттар болсам, біріншіден, – Ы.Алтынсарин педагогикасына Қазақстан жағдайында тұнғыш рет ғылыми түсініктер қолданылғанын көреміз. Ататап айтсақ: жалпы педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік жағдайлар, оның ішінде – оқытудың көрнекілігі, бақылау және тәжірибе, оқытудың мақсат-бағдары. Оқыта отырып тәрбиелеу, класта және кластан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері, сондай-ақ адамгершілік, дene шынықтыру және тәрбиесіне ерекше маңыз біріледі. Ол тұнғыш рет бала психологиясының жалпы мінездемесін зерттеп, талдап еңбек жазады.